

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі білім басқармасының
«Ақсай техникалық колледжі»
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны
Ақсай қаласы, 35-5-05
Факс (871133) 35-3-50



Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Государственное коммунальное
казенное предприятие
«Акса́йский техни́ческий колледж»
управления образования акимата
Западно- Казахстанской области
г.Ақсай, ул.Сырым Датова1,
инд.090300
БИН 031240003930
РНН 270300004559

БҰЙРЫҚ

21.05.2024 ж. №91-н
Ақсай қ.

ПРИКАЗ

Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету нәтижесінде
БҰЙЫРАМЫН:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларға жауапты директордың оқу –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.А.Жолдасова бекітілсін.
- 2.Заң бұзушылыққа жол бермеу және оның алдын алу шаралары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтар және оларды жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабардар етуге міндетті екенін түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
- 4.Хабарламалар келіп түскен жағдайда есепке алу журналына міндетті түрде тіркелсін.
- 5.Ақпарат берген адам туралы құпиялықтың сақталуына кепілдік берілсін.
6. Жеке басының пайдасы немесе қасақана ақпарат берген қызметкерлерге шара қолданылсын.
- 7.Анонимді келіп түскен хабарламалар талқылауға ұсынылмасын.
- 8.Келіп түскен хабарламаларды тергеп- тексеру жұмыстары нормативті құжатта көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылсын.
- 9.Осы бұйрықты колледж ұжымы назарына жеткізу, қатаң талап ету директордың оқу –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.А.Жолдасоваға жүктелсін.
- 10.Осы бұйрықтың орындалуын басшылыққа алу директордың оқу –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.А.Жолдасоваға жүктелсін.

Директор

М.Дняров



«Бекітемін»
Колледж директоры
М.Дияров
«__» «__» 2024ж

«Ақсай техникалық колледжі» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) ішкі құжат болып табылады және хабардар ету рәсімін айқындайды, сондай-ақ іс-қимыл тәртібін белгілейді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібі – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңына негізінде әзірленді.

3. Осы Тәртіптің күші атқаратын лауазымына қарамастан барлық қызметкерлерге қолданылады.

2. Хабардар ету тәртібі

4. Қызметкерлер белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты лауазымды адамдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе оларды жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабардар етуге міндетті.

5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау немесе оларды жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабарламалар тек қана жазбаша түрде, 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының ішінде осындай хабарлама пошта арқылы жіберу немесе оны сенім жәшігіне салу арқылы қабылданады.

6. Хабарламада көрсетілуге жататын мәліметтер тізбесі мыналарды қамтуға тиіс:

- хабарламаны жіберген адамның лауазымы, тұрғылықты жері және телефоны;

- қызметкерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға өтініш жасалған мән-жайлардың сипаттамасы;

- қызметкер өтініш білдірген адамның өтініші бойынша жасауы тиіс сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы егжей - тегжейлі мәліметтер;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелейтін жеке (занды) тұлға туралы барлық белгілі мәліметтер;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеу тәсілі мен мән-жайлары, сондай-ақ адамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау туралы ұсынысын қабылдаудан бас тарту (келісім) туралы ақпарат;

7. Келіп түскен барлық хабарламалар хабарламаларды есепке алу журналында міндетті түрде тіркелуге жатады. Журнал жүргізу жөніндегі міндет сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлғаға жүктеледі.

8. Белгілі болған мәліметтердің құпиялылығын жұмыс беруші және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға қамтамасыз етеді

9. Анонимді хабарламалар қарауға қабылданбайды.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған кездегі іс-қимыл тәртібі

10. Хабарламада қамтылған мәліметтерді тексеруді сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға хабарлама тіркелген күннен бастап бір он бес күн ішінде жүргізеді

11. Хабарламаны қарау нәтижелері бойынша жауапты тұлға шешім қабылдайды

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда қызметтік тергеуге бастамашылық жасау туралы;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда хабарламаны қарауды тоқтату туралы

11. Қызметтік тергеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу осы Тәртіпті регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Қызметтік тергеп тексеру қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық анықталған жағдайда мынадай шешім шығарылады;

оны жасаған адамның әрекеттерінде қылмыстық жазаланатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық құрамының белгілері болған жағдайда қызметтік тергеп тексеру материалдарын құқық қорғау органдарына беру туралы.

13. Егер хабарламада ұсынылған мәліметтер расталмаған, бірақ жүргізілген қызметтік тексеру барысында басқа да бұзушылықтар туралы мәліметтер анықталған жағдайда, осы бұзушылықтың алдын алу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен жауапкершілік шараларын қолдану туралы ұсынымдар шығарылады.

4. Құпиялылық кепілдігі

14. Жұмыс беруші қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған немесе оларды жасауға итермелеген жағдайлар туралы мәлімдеген адам туралы ақпаратқа қатысты құпиялылықтың сақталуына кепілдік береді.

15. Жұмыс беруші өз қызметкерлеріне құпиялылық кепілдіктерін және қысымшылықтан қорғауды, соның ішінде жұмыс орнын сақтауды ұсынады.

16. Жеке басының пайдасына немесе қасақана ниетпен жалған ақпарат берген қызметкерге қатысты тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылуы мүмкін.

СӘДІҚ

КОЛДАНУ